Хабарландыру

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Семей қаласындағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында (бұдан әрі – Семей НЗМ) 2026 жылғы 22 қазаннан 6 қарашаға дейін Семей НЗМ қызметкерлерінен төмендегі мекенжайларда орналасқан қызметтік тұрғын үйлерді бөлуге қатысу үшін құжаттар қабылданады:

1. екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Семей қаласы, Қ. Бөгенбайұлы көшесі, 4-үй, 2-пәтер;
2. бір бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Семей қаласы, Қ. Бөгенбайұлы көшесі, 4-үй, 19-пәтер;
3. екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Семей қаласы, Қ. Бөгенбайұлы көшесі, 4-үй, 27-пәтер.

Қызметтік тұрғын үйлерді беру қағидаларымен және қызметтік тұрғын үй алуға өтініш беру үшін қажетті құжаттар тізбесімен www.nis.edu.kz сайтында танысуға болады.

Үміткерлердің қызметтік тұрғын үй алуға арналған өтініштері мен құжаттар топтамасы 2026 жылғы 6 қараша сағат 17:30-ға дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей қаласы, Қарағайлы шағын ауданы, 1-үй, № 7 кабинет (заңгер).

Тұрғын үй комиссиясының қарауына енгізу үшін құжаттар 2026 жылғы 9 қараша сағат 17:30-ға дейін Тұрғын үй комиссиясының хатшысына мына мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс: Астана қаласы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1, 2-қабат, № 207 кабинет, Қамтамасыз ету және құжаттау департаменті.

Анықтама телефондары:
8 (7172) 23–57–00, ішкі нөмірі 1166;
8 (7222) 63–63–50, ішкі нөмірі 5908.

Тұрғын үй алуға үміткерлер Тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына өтініш және өткізетін құжаттардың келесі тізіміне сәйкес құжаттарды тұрғын үй комиссиясына өткізеді:

1) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) неке қию (некені бұзу) туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);

3) кадр қызметі тарапынан берілген отбасының құрамы туралы анықтаманың түпнұсқасы;

4) үміткердің отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда);

5) әлеуметтік демалыста болу мерзімдерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек өтілін растайтын кадр қызметтері беретін анықтамалар;

6) педагогикалық шеберлік деңгейін иелену туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);

7) Қазақстан Республикасының аумағында үміткерде және оның отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама (анықтама Тұрғын үй комиссиясына құжаттарды берген күнге дейін алынуы тиіс);

8) Ереженің 10 және 11 тармақтарында көрсетілген өзге де растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Құжаттар мұқаба бетінде өтініш беруші туралы (аты-жөні, қызметі, құрылымдық бөлімшенің аты (филиал) ақпарат бар қағаз скоросшивательдерде өткізілуі тиіс.